

Павлодар ауданының Заря ауылдық округі Заря ауылының көшелерін атау туралы

Павлодар облысы Павлодар ауданы Заря ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 1-03-01 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 3 ақпанда № 5356 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Заря ауылының тұрғындарының пікірін ескере отырып және 2016 жылғы 21 қарашадағы облыстық ономастикалық комиссиясының қорытындысы негізінде, Заря ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Павлодар ауданы Заря ауылдық округі Заря ауылының атаусыз көшелеріне келесі көше атаулары берілсін:

1) Мир көшесіне қатарлас, ауылдың оңтүстік-шығысында орналасқан бірінші көшеге "Тәуелсіздік";

2) Мир көшесіне қатарлас, ауылдың оңтүстік-шығысында орналасқан екінші көшеге "Григорий Малый".

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешімнің алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Заря ауылдық округі
әкімінің міндетін атқарушы*

Б. Бәйкенов